



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады



пікірлер қалдырды. Мен ұрпақты еңбекорлыққа, бизнес жүргізу шеберлігіне баулу мәселесі жөнінде үнемі айтып жүрмін. Мәселен, кейбір көрші елдердің жастары шетелдерге барып, белсенді түрде кәсіппен айналысады, дүкен ашады, ұлттық тағамдарын дәріптейді, қысқасы, нәпақасын табады. Осындай әрекеттерден біздің жастарымыз да үлгі алса, жаман болмайды. Әрине, бұл – елден кетіп, еңбек ет деген сөз емес, бұл – ең бастысы, еңбектің жақсы-жаманы жоқ деген сөз. Әр мәселені әбден саясиландырып, бос сөз құмай, қол қусырып қарап отыра бермей, нақты жұмыспен, қаражат әкелетін заңды іспен шұғылдану керек деген сөз.

Еңбек адамдарына ерекше құрмет

Киелі Түркістан қаласында өткен Ұлттық Құрылтай – бұл келелі кеңестер мен ұлағатты ұлы істердің қайнар көзі. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ елінің төрт бұрышынан құйыла жиылған қауымның алдында Ұлттық Құрылтайдың мәні мен маңсауына тоқталып өтті. Сөз басында бірден атап өтейін, меніңше, Ұлттық құрылтай бұл – арқаны кеңге салып отыратын жиын емес. Сән-салтанатпен өткізетін той да емес. Бабаларымыз маңызды шешім қабылдар кезде немесе елге қатер төнген сын сағатта құрылтай шақыр-

қоғамдық диалогты нығайта түсу үшін жасалды. Сондай-ақ мұнда ұлттық болашағына ықпал ететін елдік мәселелер талқыланады, – деген сөзі көптің көкейіне терең ой салғандай әсер етті. Құрылтайдағы сөз басын киелі Түркістан шаһарының өткені мен алдағы жарқын болашағынан бастаған Президент «Түпкі мақсатымызға жету үшін саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажет. Халқымыздың дүние танымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс. Әйтпесе, басқа реформаның бәрі

– Сондай-ақ біз ел болып қарапайым еңбек адамын қадірлей білуіміз қажет. Қажетсіз мамандық болмайды, біліксіз маман болады. Ерінбей еңбек еткен жан өз ісінің майталманы атанады. Ал кәсібін толық меңгерген адам қашанда сұранысқа ие болады. Біз еңбек адамының мәртебесін көтеруге баса мән береміз. Елімізде түрлі саланың кәсіби мерекесі бар. Көбінесе мұндай мейрамдар назардан тыс қалып жатады. Менің ойымша, «Еңбек күніне» орай ең үздік мамандарды мемлекеттік деңгейде ұлықтаған жөн. Нағыз еңбек



ған. Ел басына түскен қиындықтар, ең алдымен, біздің береке-бірлігімізді сынға салады. Осындай күрделі сәттер, ең бастысы – шынайы жанашырлық және терең жауапкершілік таныту қажет екенін айқын көрсетеді. Мұны өздеріңіз өте жақсы түсініп отырсыздар. Ұлттық құрылтай – халқымызды ортақ мақсатқа ұйыстыратын бірегей құрылым. Мен былтыр наурыздағы Жолдауымда осы құрылтайды шақыру туралы бастама көтердім. Бұл қадам

бекер. Бір сөзбен айтсақ, пиғыл өзгермесе, ештеңе де өзгермейді» деді. Сонымен қатар, Президент өз сөзінде білім, еріктілер, мәдениет, спорт, тіл мен діл, отаншылдық, жастарды еңбекке баулу, еңбек адамдарын дәріптеу, еңбекшілерді лайықты марапаттау, сый құрмет жасау, еңбек адамдарының өткен өмір жолдарын жастарға үлгі-өнеге ету мәселелерін алға тартты. Жалпы Құрылтайға қатысушылардың көкейлеріне терең ой, татымды

адамы бұл – істің адамы, яғни әрісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат. Жалпы құрылбайдан елдің алған әсері мол болды. Әсіресе мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту, жергілікті өзін өзі басқаруды күшейтіп, мемлекет қызметшілерге көбірек дербестік беру, сияқты тұщымды мәселелер елдің санасынан жүйелі орын тапты. **Қалдыбек ОРАЗОВ, аудан әкімінің орынбасары.**

Президент Қазақстан-Германия бизнес-форумына қатысты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Германияның Федералды Президенті Франк-Вальтер Штайнмайермен бірге Қазақстан – Германия бизнес форумына қатысты. Президент форумда сөйлеген сөзінде өзінің мемлекеттік сапары аясында жетекші неміс компанияларының бас-

жағдайда «Орта дәліздің» маңызы арта түсті. Бұл – Орталық және Шығыс Азиядан Еуропаға жүк тасымалдаудың ең қысқа әрі тұрақты бағыты. 2022 жылдан бастап Каспий дәлізі арқылы Еуропалық Одаққа мүше елдерге тасымалданатын жүк көлемі екі есе артты. Шығыс пен Батыс



шыларын ала келген Франк-Вальтер Штайнмайерге алғыс айтып, Қазақстан Германияның Орталық Азиядағы ең басты экономикалық серіктесі екенін атап өтті. – Бүгінде Германия компаниялары біздің экономикамызға шамамен 6 миллиард доллар инвестиция қайды. Бұл инвестицияның шамамен 90 пайызы шикізаттық емес секторға тиесілі екенін айта кеткен жөн. Елімізде неміс капиталының үлесі бар 1000-нан астам компания белсенді жұмыс істеп жатыр. Олардың көпшілігі – әлемге әйгілі брендтер, ал басқалары – орта деңгейдегі отбасылық бизнес. Неміс компанияларының барлығын Қазақстанға шақырамыз. Батылдылыққа, нақтылыққа және жауапкершілікке негізделген неміс бизнесінің тәсілін бағалаймыз. Бұл қасиеттер бизнестегі табыс үшін өте маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы бүгін Штайнмайер мырзамен кездесу барысында табиғи ресурстарды бірлесіп барлау және игеру ісіндегі ынтымақтастығымызды нығайтуға уағдаласқанын айтып, бұл шикізат, өнеркәсіп және технология салаларындағы серіктестік туралы үкіметаралық келісімге тың серпін беретініне сенім білдірді. Сонымен қатар Президент көлік және логистика салаларында өзара тиімді ынтымақтастық үшін мүмкіндік мол екеніне назар аударды. – Қазақстан Еуразияның жүрегінде орналасқан. Мұның стратегиялық мәні зор. Қытай мен Еуропа арасындағы барлық құрлықтық жүк тасымалының 80 пайызы біздің еліміздің аумағы арқылы өтеді. Қазіргі жаңа геосаяси

арасындағы ұлғайып келе жатқан сауда көлеміне қолдау көрсету үшін біз инфрақұрылымды жаңарту және кедергілерді жою жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Біз қазақстандық порттардың өткізу мүмкіндігін 30 миллион тоннаға дейін арттыруды көздеп отырмыз, – деді Мемлекет басшысы. Сонымен қатар Президент жаңартылатын энергия көздерін ынтымақтастығымыз үшін келешегі мол сектордың бірі ретінде атады. Мемлекет басшысының пікірінше, Қазақстан жасыл сутегін өндіретін әлемдегі жетекші ел атануы үшін алғышарттардың бәрі бар. Бұл ретте Президент SVEVIND Group компаниясымен құны 50 миллиард доллар болатын жасыл сутегін өндіру туралы келісімге қол қойылғанын атап өтіп, жасыл сутегі өндірісі экологиялық таза болат, алюминий және басқа да металдар өндірісіне жол ашатынына назар аударды. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстанның Германиямен инновация және цифрландыру, адами капиталды дамыту салалары бойынша ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екенін жеткізді. Бұл орайда Қасым-Жомарт Тоқаев Ақтау қаласындағы Каспий мемлекеттік университеті жанынан Қазақ-неміс ғылым және технологиялар институтын ашу еліміздегі адами капитал мен бәсекеге қабілеттілікті одан әрі жетілдіруге ықпал ететініне сенім білдірді.

«Созақ үні»-ақпарат.

24 маусым-Судья және сот қызметкерлері күні

Қай салада болмасын өз мамандығының ерекшелігін сездіретін кәсіби мерекенің болуы, сол сала маманының мерейін үстем етері сөзсіз. Қазақстандағы мерекелік күндердің тізбесі «Судья және сот қызметкері күнімен» толықтырылды. 24 маусымда алғаш рет сот жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі болып бекітілді. «Еңбегіне қарай - құрмет» демекші, бұл

тамасыз ету мақсатында қылмыстық сот ісін жүргізуіне алқабилер институты енгізілді, тұтқындауға санкцияны соттың беруі бекітілді, экономикалық, әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі, әкімшілік, әскери, кәмелеттік жасқа толмағандар, аса ауыр қылмыстық істерді қарайтын мамандандырылған соттар құрылып қызметін бастады. Сондай-ақ, қылмыстық, аза-

Кәсіби біліктілік әділдік жолымен

конституциялық негіздерді дамытуға, заңдылықты қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қосқан үлесі үшін судьяларға, сот жүйесі қызметкерлеріне көрсетілген құрмет деп білеміз. Еліміздің сот жүйесі үшін тәуелсіздік алған уақыттың әрбір кезеңі жаңа талапқа сай әділ сотты қалыптастыру жолындағы тынымсыз ізденістер, батыл бетбұрыстарға толы болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жұмысын бастаған сот жүйесі мен бүгінгі соттың жағдайы мүлде салыстыруға келмейді. Заңдық, кәсіби біліктілік тұрғысынан ғана емес, сот саласы материалдық, әлеуметтік жақтан да анағұрлым артты. Осы уақыт аралығында қолданысқа жаңа институттар енгізілді, жаңа заңдар қабылданып, судьялар корпусының тиімді қызмет етуі үшін тәуелсіз сот жүйесінің қағидатына негізделген база қалыптасты. Судьялар қызметіне қатысты қарапайым қалам-қағаздан бастап, зәулім ғимаратқа, заманауи техникалық құрылғыларға дейінгі материалдық мәселелердің барлығы дерлік шешімін тапты. Сот төрелігін тәуелсіз де бейтарап және әділетті жүзеге асыруды қам-

маттық, әкімшілік т.б. заңдар жаңарып, тергеу судьясының өкілеттіктері кеңейтілді. Сот жүйесінде заманауи технологияларды қолданудың көмегімен сот қызметі ашық, жедел, қолжетімді бола түсті. Жаңа технологиялар азаматтардың сотқа келуін міндеттемей, арыз-шағымын «Сот кабинеті» арқылы үйінен, кеңсесінен шықпай-ақ жолдауына жол ашты. Көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасының сот билігі тәуелсіздік алған жылдары ішінде айтарлықтай биіктерді бағындырды. Бүгінде сот жүйесі тұтас алғанда азаматтардың құқықтары мен бостандығының, ұйымдар мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерінің сотта тиімді қорғалуын қамтамасыз етудің қажеттіліктеріне сай келеді деп сеніммен айта аламыз. Сот жүйесінің алдағы уақытта ел игілігі үшін, қоғамдағы әділеттің үстемдік құруы үшін атқаратын міндеттері орасан зор. Ел судьяларының бұл міндеттерді де абыроймен атқаруға білім-білігі жететініне еш күмән жоқ.

Жанат ТОҚПАНБЕТОВА,
Созақ аудандық соты
әкімшісінің басшысы.

Өзекті тақырып

САҚТАНҒАНДЫ ҒАНА САҚТАЙДЫ

Ең бірінші кезекте елдің амандығына, жақсылыққа, отбасының саулығына жұмыс жасауымыз керек. Қазіргі таңда аудан жұртшылығы болып табиғи газды күткенімізге 3-4 жылдың жүзі болды. Әлі

сияқты арнайы газ таситын келігі бар, үйдегі ақауы бар газ плиталарын жөндейтін маманы бар, газға қатысты түрлі техникалық қызмет көрсететін «Созақ-газ» мекемесін ашпасқа? Қайсыбір

-Мен өткен жолы үлкен газ баллонына газ құйып алмақшы болдым. Содан газ құятын бекетке барып газ құйдырдым. Арғы жағында 150 теңгем артылып қалды. Сиып жатса артылған ақшаға



де сондай уақыт күтетіміз анық. Ол сені мен бізге бағана қадап, сымын тартса келе салатын электр желісі емес. Оның үстіне табиғи газсыз да осы уақытқа дейін күнін көріп келген жұрт әлі де күндерін көре береді. Бірақ осы тұста бір өзекті мәселені алға тартқым келеді. Кәдімгі газ баллонына құйып беретін құймалы бекеттер қазір барлық жерде бар. Осыған орай қауіпсіздік шараларына көңіл бөлу мәселесі қандай?

Айталық менің үйімде тамақ істеп, шай қайнатып отырған (кіші көлемді) газ баллонын түгесіп қалды. Мен дереу 200-300 теңгеге такси шақырып, заправкаға барып 1500 теңгеге құйдырып келемін. Менің газ баллонымы ары-бері тасып жүрген такси көлігінің ішінде 2-3 жолаушысы бар. Осы қаншалықты қауіпті, не қауіпсіз?

Екінші газ баллондары бүгінгі күнде бірнеше жылдық көлемі болды іші тазаланбаған, ал тазаланатын болса әркім қолындағы күлішімен ашып, қайта жаба береді. Бұл жағы қаншалықты қауіпсіз екеніне кім кепілдік береді? Оның үстіне арнайы бұрап ашып жабатын, тазалайтын орын болмағандықтан темір күліштермен бұрап жатқанда қажалу әсерінен ұшқын ұшуы мүмкін. Одан кейін заправкаларда да газ құятын азаматтардың үстінде арнайы киім болуы керек. Кейбір синтетикалық киімдер түрлі қимылды үйкелістен ұшқын тудыруы әбден мүмкін. Негізі бізді құдай зор сақтап жүр деп ойлаймын.

Осы мәселелерді екшей келе неге ауыл ішінде арнайы газ баллондарын құятын, тапсырыспен үйге жеткізіп беретін «Газель» автокөлігі

жылдары «Бейбарыс-газ» деген мекеме болды. Елге жап жақсы қызмет көрсететін мекеме еді. Кейін неге жабылып қалғанын түсінбедік. Одан бұрын Әскербек ағамыздың мекемесі бар еді. Ол да халық игілігіне жақсы жұмыс жасады. Енді сол үрдісті жалғастыратын жас, іскер азаматтар болса дұрыс болар еді. Табиғи газ келген күннің өзінде құймалы бекеттер бәрібір керек.

Біреулер айтуы мүмкін «менің өз көлігім бар» немесе «маған әкелген газдың орта болуы мүмкін, сенбеймін», «такси шақыра салғаным тиімді» деген сияқты жайларды алға тартып. Кез келген жекеменшік көліктердің немесе таксилердің газ баллондарын тасымалдауына тиым салынады. Газды арнайы белгісі бар, мекеменің атауы, телефон нөмірі жазылған газ баллондарын тасуға арналған көліктер тасымалдауы тиіс. Ал жеке көліктер немесе такси жүргізушілері газ тасымалдауы үшін жанар-жағар май, газ құятын бекеттердің иелеріне ескертіп қою керек. Немесе жанар-жағар май құятын бекеттерге жеке көліктер мен таксилер әкелген газ баллондарына газ құятын болса айыппұл салынуы керек. Өткен жолы бір жігіт айтады «Үйдегілер таңертең газ құйып әкел деген соң көлігіммен барып газды толтырып құйып алған болатынмын. Сонымен багажымда газ баллоны бар екенін ұмытып кешке дейін сонау шалғайдағы ауылға барып қайттым. Кешкісін үйдегілер айтқан кезде есіме түсті» дейді. Мынандай күннің ыстығында жолаушымен қоса газ толы баллонды багажға салып алып, 80-90 шақырым жол жүру қалай болар еді?

да газ құя сал дедім. Содан үйге әкеліп бұрандасын бұрап ашып едім қысымы күшті екен, газ пешімді жарып жіберді дейді есімін айтпауды өтінген шалақорғандық бір азамат. Сондықтан да әркім осылай ойына келгенін істей берсе оның арты өкінішті жағдайларға ұрындыруы мүмкін.

Ауыл ішіндегі әрбір жанар-жағар май бекеттерінде арнайы газ тарататын автокөлік, арнайы маман болса әрі өздері тапсырыспен қызмет жасайды, айналымға түскен газ ыдыстарын рет-ретімен тазалайды, үйді үйге тасымалдап береді. Сонымен қатар, әрбір үйлердегі газ плиталарына қызмет түрлерін жасайды. Газ таусылған соң газдың босаған ыдыстарын шайқасаңыздар газ ыдыстарының ішінде 2-3 литрге дейін су жүреді. Бұл деген сөз сол ыдыстар соңғы 2-3 жылдың көлемінде техникалық тазалаулардан өтпеген лас ыдыстар деген сөз. Осыдан келіп үйдегі газ плиталарын күйе басып, газ қара түтінді болып жалындап жанады. Ол да өрт қауіпсіздігіне зор нұқсан келтіруі мүмкін. Сол себепті, газ бекеттерін ашып, газға қатысты техникалық қызметтер көрсетемін дейтін жеке азаматтар болса, олардың өз жеке кәсіптерін ашуларына тиімді бөлімдер мен кәсіпкерлікті қолдайтын қаржылық ұйымдар қолдау білдіріп жатса нұр үстіне нұр болып, елдің игілігіне зор үлесін қосқаны болар еді.

«Әрбір қазақ жалғызым!» демекші әрбір отбасының, әрбір отбасы мүшелерінің аман болғаны жақсы. Осы ұсыныс-пікірім елдің игілігіне жұмыс жасаса, көп қауіп-қатердің алдын қар едік.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Тағзым алаңына саяхат



Жақында «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-не қарасты Созақ бөлімі «Жаз қызығы-көңілді демалыс» ұлттық мәдени ағартушылық жобасы аясында «Тағзым алаңына саяхат» тақырыбында іс-шара өткізді.

Шараның мақсаты-оқушыларды ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеу. Аталар ерлігін паш етіп, насихаттау бағытында болды. Аудан орталығындағы «Жеңімпаз солдат» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті.

Шәкірттер бұл саяхаттан кейін ерекше сезімге бөленіп, бір-біріне ерлік жайында әңгіме айтты. Сонау сұрапыл соғыс кезіндегі жауынгерлердің ерлік істерін көз алдарына келтіріп, ой түйді.

«Созақ үні»-ақпарат.

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА, ақша ойлама, ар ойла

Шіркін-ай, ұлттың ұстаздары Алаш арыстары бар нәрседен хабардар болып, әр нәрсеге маңыз, лайықты баға беріп кеткен ғой. Солардан Ахмет Байтұрсынұлының газет жайындағы анықтамасы неше ғасыр өтсе де өзектілігін жоймасы анық. «Газет-халықтың тілі, құлағы һәм тілі» деуімен өзінен кейін тағы біреудің газетке анықтама беруге қажеттілік қалдырмады деуге болады. Дегенмен, тағы бір ұлт ұстазы, Алаш

үстіне, нақ осы қыстың қамын жаз ойлайтын шақта өндірушілер мен тасымалдаушы (алыпсатарлар) дан тұратын кәсіпкер қауымның қоғамдағы маңызы артып кететіні бар. Әрине, оған жылда осы уақытта жанар- жағармайдың, шаруашылыққа қажетті тауарлардың бағасының күрт өсіп кететіні де себеп. Міне, сол себепті де бүгінгі мақаламның тақырыбын: «Қыстың қамын жаз ойла, ақша ойлама ар ойла!» деп

дым. Байқағаным, ондағы шаруалардың шөбі де жылдағыдай болмаса да, жоқтан жақсы екен. Әдейілеп, Құрманбай Матов, Нұрбол Қамшыбеков және Тимур Жақаевтарға хабарласып, мәлімет сұрастырған едім. Олардың сөзінен ұққаным, биыл өздерінше бәтуа жасап: «жоңышқаның бағасын 800 теңгеден көтермейік және әрбір десте шөптің көлемі мен салмағына мән берейік! Онсыз да тұралап отырған халыққа бір пайдамыз тисін!» деп келісіпті. Тағы да екі- үш шаруа бірігіп, Нұрбол Қасымбекұлы шаруашылығы жүргізіп отырған «Бағдат» ШҚ- ның иелігіндегі жердің 30 гектарына жүгері егіпті. Жүгерілерін окошкілеп енді болған шаруалар енді бір 10 күнге су берілсе жақсы болар еді деп, «Ел Мүддесі» ҚБ- нің төрағасы маған базиналарын айтқан еді. Мен де азаматтардың базинасын ауыл әкімі Әділ Елібаевқа, аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірмановқа, «Қазсушар» мекемесінің басшысы Қанат Тастыбаевқа жеткіздім. Жігіттерге рахмет, жанашырлық танытып, қадағалаудың арқасында ауыл шаруалары тиімелді суларын алып, дән риза. Міне, ел болатын ерлер осылай, бір-бірінің сөзін тыңдап, жәрдемінде жүреді.

Мұнан соң, сол әріптесім Біржан Шотұлымен бірге газетіміздің қызмет көлігіне мініп, ауылымыздың шығысындағы темір жолдың бойындағы қатты отын, көмір тұйығына барып қайттық. Ауылдастарымыз білетіндей, бұл маңда үш бірдей тұйық бар. Солардан тек Әуесханов Нұрланның тұйығы ғана жұмыс жасап тұр екен. Бір барғанымызда жүк вагондарынан көмір түсіріліп жатыр екен дағы тек жұмысшылар ғана жүр

500 тонна қатты отынның 3 тен бірі ғана. Алдағы уақыттарда бұл жұмыс өз жалғасын табады.

Сөз соңында аудан жұртшылығына және кәсіпкерлерімізге Әлихан атамыз айтқан «Халықтың жоқтаушысы» ретінде «Созақ үні» газеті мен «SozaqNews» тың атынан:

Қыстың қамын жаз ойла, ақша ойлама-ар ойла!

- деп үндеу жарияламақты жөн көріп отырмын. Жерлестеріміз осы бір кезеңді оңтайлы пайдаланып, қолында бар қаржысын үнемдеп, ысырыпқа бой алдырмай, отын- суын, жем- шөбін дайындап алса ғой. Әйтпесе, алдыңғы жылғы қардың қалың жауып, ерімей жатқаны себепті қолындағы төрт- түлік малы қырылғаны аудан жұртшылығының жадынан шыға қоймаған шығар. Сондай- ақ, былтырғы вагон тапшылығы есебінен орын алған көмір тапшылығы мен бағасының елден- ерек артып кетуі Созақ халқына сабақ болған шығар деген ойдамын. Естеріңізде болса, жергілікті билік пен азаматтық қоғам өкілдері болып жылда осы жем- шөптің бағасына қатысты жұмысшы топ шығып, кәсіпкерлермен кездесетініміз бар еді. Аудан жұртшылығының арыз- шағымын ескеріп шыққан әр екі тарап кәсіпкерлермен өзара сөз байласып, артынан әлеуметтік желілер мен аудандық газетке Үндеу жариялайтынбыз. Бірақ, мұның ешбірі ішінара болмаса, толықтай нәтижесін берген емес. Себебі, «үйдегі есепті базардағы нарық бұзар» деп, нарық саясаты бәрібір өз дегенін жасайтын. Мұны күні кеше ғана Парламент мәжілісінің депутаты, айтыскер ақын Аманжол Әлтаев тиісті министрлер мен өкімет басшысына сауал етіп қойды. Міне, осыдан- ақ



көсемі Әлихан Бөкейханов үзеңгілесі Ахаңның сөзін толықтырып былай деген екен: «Бірінші: газет-халықтың көзі, құлағы, тілі; екінші: газет-жұртқа қызмет ететін нәрсе; үшінші: газет-халыққа білім таратушы; төртінші: газет-халықтың жоқтаушысы». Бәлкім, газет сүйер қауым Ахмет Байтұрсынұлының анықтамасынан хабардар болса да Әлихан Бөкейхановтың мына анықтамасынан хабарсыз шығар деп жазып отырмын. Себебі, неше жыл газетте жүріп, газетке қатысты мақала жазсам да Әлекеңнің мына алтынға тең анықтамасына кезікпеймін.

Иә, алаш көсемдері айтпақшы газеттің қоғамдағы рөлі аса маңызды. Бүгін әлеуметтік желілер газетті ығыстырып, күні бүгінге дейін халықтың көзі, құлағы һәм тілі болып келген құндылық үшін бұл кезеңді де бір өлара шақ, өтпелі кезең деп қарастыру керек шығар. Сол газетіміздің, оның ішінде Созақ жұртының көзі мен құлағы һәм тілі «Созақ үні» газетінің көптеген миссияларынан бірі жылда осы уақытта «Қыстың қамын жаз ойла», «Қыс қыр астында» деп, халқымызға жаздың өте шығатынын, оның артынша күз келіп, ар жағында қылышын сүйретіп қыстың келетінін есіне салып отыру. Әйтпесе, көктем шыға шаруашылықпен айналысып, бір ретке келтіріп алған қазағымыздың жаз бойы ас, той- томалақ құйып жүріп, күзді өткізіп алып, шаруашылыққа қайта көңіл бөлген бір- біріне қарап: «Қыс кеп қалды ма?»- әзілдейтіні бар ғой. Міне, халқымыздың осы бір қазақы жайбарақат- тылғынан хабардар «Созақ үні» газеті биыл да «қыстың қамын жаз ойла!» деп үндеуді жөн көріп отырмыз. Негізінде, мақаланың тақырыбын: «Қыстың қамын жаз ойла, той- томалақты аз ойла» деп алғым келген. Бірақ, «Той құдайдың қазынасы», «Той дегенде қу бас домалайды»- деп ақталатын оқырмандарымыздың бірі болмаса, бірі: «Нең бар, тойлап жатқан біз, кетіп жатқан біздің ақшамыз» деп қала ма деп, іркіліп, тартынып қалдым. Оның

алып отырмын. Халқымызда тағы да: «Жүйелі сөз жүйесін, жүйесіз сөз иесін табады»- деген мағынада қанатты сөз бар. Сол сөзге сүйеніп, тақырыпты осылай алып отырмын. Сонымен, қоғамның бөл ортасында жүрген әрі тілші әрі ел жанашыры ретінде өзім секілді қоғам жанашырларының сөзін ескеріп, сол қыстағы жағдайымызға тікелей әсер ететін отын- су менен жем- шөптің жай- күйін білейін. Жоғарыда айтқанымдай, жаз маусымын ас пен тойдың ғана мезгілі деп ұғынып қалған халқымызға бір ескерту, үндеу жасайын деп қолыма қалам алып отырған жайым бар. Осы ретте, әуелі ауылымызға сырттан шөп алып келген жүк көліктері кеп тоқтайтын (ескі жанармай бекеті жақтағы) тұраққа бардым, әріптесім Біржан Жандарбековпен бірге. Біз барсақ, бірыңғай Жаңақорғанның жоңышқаларын артқан ауылдың жүк көлік жүргізушілері тұр екен. Тіркесім тіркеген жүк көліктеріндегі шөптің бағасын иелері жоңышқаның тазалығына қарай, бағалап жатты. Нақтырақ айтсам, қамыс, далашөбі араласқан жоңышқаның әрбір дестесін (пресін) 850 теңге деп тұр, егер көбірек алсаңыз 800 теңгеден береміз деп тұр. Ал енді, тазалау жоңышқаның бір данасын 900- 1000 теңгеден деуде. Олар да көбірек алсаңыз сол 850- 950 ден береді. Жалпы, осы шөп шаруашылығының айналасында жүрген жігіттердің сөзінен ұққаным, биылғы шөптің көлемі аз. Қыстайғы қар, көтемгі жауының есебінен биыл шөп шүйгін, көп болады ма деген едік. Алайда, көктемнен бергі аңызға жел, күннің салқындығы есепті даланың шөбі жылдағыдай деңгейде көтерілмей қалды. Тек, суармалы жердің жоңышқасына ғана иек артуға тура кеп отыр биыл. Ол да Жеткіншектің маңындағы және Қарасуан даласындағы шаруаларға тиесілі жерлер. Мен өзім аудан әкімінің тапсырмасымен құрылған жер комиссиясының құрамында жақында игерілмей жатқан жерлерді мемлекетке қайтару жөнінде Қарасуан жеріне бар-



екен. Нұрлан Ержанұлының телефонына хабарласып едік, Жамбыл облысында іссапармен жүргенін айтты. Нұрланның сөзінен ұққаным, көмірдің бағасы 25 мыңнан сатылып жатыр екен және жыл басынан (сәуір айынан) күні бүгінге дейін 6 мың тонна көмір түсіріліпті. Осы орайда, аудан әкімдігінің ЖКХ бөліміне хабарласып, мәлімет сұраған едім. Осы бөлімнің қызметкері Ербол Амановтың айтуынша, қазіргі таңда ауданымызға 9 мың тонна көмір түскен. Тағы да Таукенттік кәсіпкер жігіттер сол жерден алып, тұйық ашу жұмыстарын жүргізіп жатқан көрінеді. Бұл жайындағы уақыттарда тағы да толығырақ жаза жатармыз. Әрине, бұл аудан жұртшылығының қыстан шығуы үшін қажетті 27 мың

байқауға болады бұл баға саясатының қаншалықты тереңде жатқанын. Осы сауалында Аманжол мырза Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың: «Жеріміздің асты мен үстінде жатқан байлықтың иесі-Халық» деген сөзін алға тартып, өкіметтен Машкевич сынды (көмір) монополистерін орнына қою керектігін талап етті. Демек, бізге қалғаны тек халқымызды ысырапқорлықтан сақтандырып, қыстың қамын жаз ойлауға шақыру және кәсіпкерлерімізді де ынсап қылуға, ақшаны емес, арды ойла деп, қоғам игілігіне қызмет етуге шақыру ғана. Кім біледі, күн келер билік баға саясатын қолға алып, нарықты да құрықтар. Үмітсіз шайтан ғана деген ғой асыл бабаларымыз.

Данияр БЕК.

ЖЕРЛЕСІМІЗ КОРАБЛЬ КАПИТАНЫ

Қуатты армия-тұрғылық пен тыныштық кепілі. Армия-біздің қасиетті жеріміз бен мемлекетімізді қорғайтын сенімді қалқан. Өскелең ұрпақ әскери патриоттық рухын көтеруге аса мән беру қажет. «Ешкім батыр болып тумайды. Батырлықта мінез секілді, өскен орта көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» деп Бауыржан Момышұлы бабамыз айтқандай біз батырларымыздың ерлігін үнемі дәріптеп отыруымыз қажет. Созақ ауданынан көптеген әскери мамандар шығып, тәуелсіз мемлекетіміздің баянды бақыты жолында халқымызға абыройлы қызметтер атқаруда. Әскери қызметшілер қатарында Байқоңыр ғарыш айлағында қызмет атқарған полковник Қален Тоқмұхаммедов, полковник Жомарт Жеңіс, әскери бөлім командирі полковник Асылхан Байсынов, Айбол Ыбыраев, подполковник Нарсабит Жанмолдаев, Жұмаділда Қасымов, Шапағат Жалмаханов, Дәулет Нұрғожин және тағы басқа да жерлестеріміз абырой биігінде болды. Біздің ендігі мақсатымыз осы азаматтардың ізін басар отаншыл патриоттарымыздың саны мен сапасын арттыру.

Осыған орай, келешек жастарға және мектеп оқушыларына әскери патриоттық тәрбие беруіміз керек. Туған елдің тәуелсіздігін және бейбіт өмірін қорғау-қасиетті парыз. Туған жердің аумақтық тұтастығын сақтау-қасиеті борыш. Біртұтас әрі қуатты мемлекетті ұрпаққа табыстау негізгі мақсатымыз. Жастарымыздың бойына отаншылдық, адамгершілік, ізгілік қасиеттерді сіңіруіміз керек. Еліміз мәңгі болсын десек, біз нағыз патриот, еңбекқор ұрпақ тәрбиелеуіміз. Әскери патриоттық тәрбие жұмыстары оқушылар мен және әскерге шақыртылғанға дейін жастар мен қызу жүргізілуі қажет деп ойлайды. «Егемен елдің ертеңі жастардың қолында» Ұлттық дәстүрге берік елі мен жерін сүйген ер азаматты тәрбиелеу, жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру-бүгінгі заман талабы. Барлығымыздың бір мақсатымыз бар, ол-еліміздің тыныштығын сақтау, келешек ұрпаққа парасатты патриоттық тәрбие беру. Әрбір Қазақстан Республикасының азаматы ел-қорғаны әрбір 18 жасқа толған азамат өз отанын қорғау міндетті. Әскери қызмет қоғамда абырой болуы тиіс. Сондықтан азаматтарды ынталандыруға басымдық беруіміз қажет. Тәрбие тал бесіктен басталады» демекші отбасындағы тәрбиенен нәм алып, батыр Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай «Тәртіпке бағынған ел



құл болмайды» демекші еліміздің болашағы жолында адалынан қызмет етіп жүрген жерлестеріміздің бірі-бүгінгі әңгімеміздің кейіпкері-капитан Дәулет Досмырза Бақытжанұлы туралы сөз қозғасақ. Досмырза ініміз 1995 жылы 22 наурызда Созақ ауданы Раң ата ауылында дүниеге келген. 2001 жылы осы ауылдағы жалғыз білім ұясы-№ 33 Батима Батырбекова атындағы жалпы орта мектебінің 1-ші сыныбына барып, 2012 жылы жақсы деген бағамен бітіреді.

Сол жылы Алматы қаласында орналасқан Құрлық Әскерлерінің Әскери институтына тыңдаушы курсант ретінде (біздіңше абитуриент) оқуға түсіп, 2016 жылы аталмыш институттан тәрбие құрылымының офицері мамандығы бойынша жоғары әскери білім алып шығады.

Досмырза әскер қатарына Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Созақ аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі арқылы шақыртылады.

2016 жылғы 1 тамызында Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің бұйрығы мен Әскери-Теңіз күштерінің 21814 әскери бөлімінің «Қазақстан, Сарыарқа, Орал» зымыран-артиллериялық 3-дәрежелі кемесінде лауазымды қызмет атқарды. 2021 жылдың 29 желтоқсанда бастап бүгінгі күнге дейін Әскери-Теңіз күштерінің Бас қолбасшысының бұйрығымен 29011 әскери бөлімінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету батальон командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары лауазымын атқаруда.

2015 жылы Қытай шекарасында орналасқан «Айбалта-2015» оқу жаттығуына қатысқан. Сол жылы 9 ма-



мыр-Жеңіс күні Астана қаласында өткен әскери шерудің қатысушысы болу бақыты бұйырыпты. Қазақстан Халықаралық армия ойындарына Әзірбайжан Республикасындағы әскери тенісшілердің «Теңіз кубогы» байқауына қатысушы болып Қазақстан Республикасы 5 мемлекет ішінен 2-ші орын алып келген болатын. Мәскеу маңында «Алабино» полигонында Қазақстандық танкистер қатарында «Танк биатлоны» байқауының ашылуына қатысқан.

Әлі күнге дейін есімізде ойын қызықты, әрі тартысты жағдайда өтті. Маған 2023 жылы 5 мамыр күні Бүкілармиялық кеңестің қатысушысы болу бұйырыпты. Жалпы Бүкілармиялық Кеңес Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрі Руслан Жақсылықовтың қатысуымен өтті. Өзіме қатты ұнады. Әрине, бала кезімнен осындай маңызды іс-шараға барғанды жақсы көретін едім. Жалпы бұл бірегей шарадан үлкен әсер, алдағы өміріме қажетті рухани-әрі рухты азық алдым. Маған кішкентайымнан әскери форма киген ұнайтын еді. Үйде әкеміздің әскердегі түскен суреттерін көріп қызығатын едім. Әкем Әділбеков Бақытжан уақытысында Кеңес Армиясы қатарында екі жыл азаматтық борышын абыроймен атқарды. Әскери Теңіз Күштерінің офицері ретінде соңымнан ерген іні-қарындастарыма, жастарға айтарым әскери қызметтен қашпай, елімізді жерімізді ерікті түрде, отаншылдық сезіммен қорғауға тиістіміз. Бұл біздің азаматтық борышымыз дегім келеді. Қазіргі таңда әскерде қызмет ету мерзімі-бір жыл. Бір жыл не ол тәйірі өтеді

де кетеді. Әскерге барудағы зор пайда-жаңа ортамен танысасың, ел көресің, жер көресің, достар табысың, отанға деген сүйіспеншілігіңді арттырасың. Сонымен қатар, бірінші орында жауапкершілікті сезінесің және өз бетіңше шешім қабылдай білуді үйренесің. Мен 17 жасымнан бастап әскери казармада төрт жыл жатып оқыдым. Әскери тәртіпке шыңдалдым. Соның арқасында қазір осындай жағдайға жетіп отырмын деп мақтанып айта аламын. Мен осы сәтті пайдалана отырып сүйікті ата-анама, ауылдағы №33 Батима Батырбекова атындағы жалпы орта мектебіндегі ұстаздар қауымына ризашылық алғыс сезімді білдіргім келеді. «Әкенің берген тәрбиесін 100 мектеп бере алмайды», «Өмірді әкеңнен үйренесің, болмаса қатеңнен үйренесің!» деген нақыл сөздер текке айтылмаса керек.

Әкем мен анам қарапайым отбасынан шыққан жандар. Әкем Бақытжан Дәулетұлы 1964 жылы 1 ақпанда Раң-Ата ауылында дүниеге келген. Қазіргі уақытта «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы АҚ-на қарасты кеніштердің бірінде, компрессорлық қондырғының 4-ші разрядты машинист болып жұмыс жасайды. Қазіргі уақытта Раң-Ата ауылында тұрады.

Анам Жоламанова Ботакөз Сағиндыққызы 1965 жылы 30 қазанда Қаратау ауылында дүниеге келген. Ауылдағы Батима Батырбекова атындағы жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Інім Батыржан 1996 жылы 16 маусымда дүниеге келген. Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінің медицина факультетінің 7-курс студенті.

Қарындасым Гүлмарал 1998 жылы 1 қаңтарда Раң-Ата ауылында дүниеге келген. Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінде би сабағынан дәріс беретін өнер жетекшісі. Қазіргі уақытта Түркістан қаласында тұрады.

Өзіміз жеке отбасылық жағдайыма келсек, үйленгенмін, бір қызым бар. Жұбайым Әмірбек Нағима Өміртайқызы 1996 жылы 14 желтоқсанда Сызған ауылында дүниеге келген. Менің басты мақсатым халқымыздың тыныштығы мен бақыты жолында Отан қорғау деген абыройлы қызметті қал қадірімше адалынан атқара беремін,-дейді Досмырза ініміз ағынан жарылып.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Қазақстан Республикасының Заңнамаларына сәйкес запастағы сержанттар мен сарбаздарды 2023 жылы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің «Оңтүстік», «Шығыс», «Батыс», «Астана» өңірлік қолбасшылығының әскери бөлімдерінің бос лауазымдарына келісім шарт бойынша әскери қызметке кіруге құқылы. Келісім шарт бойынша әскери қызметке қабылдамаудың да өзіндік тәртібі бар. Әскери қызметті өткеру туралы келісім шарт: үш жылға-әскери қызметке алғаш кіретін адамдар үшін; бес жылға; он жылға; әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін. Әскери

Мен келісім шарт қызметін таңдаймын!

қызметшілерді және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыру жеңілдіктері қарастырылған. Әскери қызметшілерге ақшалай үлес, жәрдемақылар мен басқа төлемдер төлеу, тұрғын үймен қамтамасыз ету, демалыстары, мемлекет есебінен медициналық көмектермен қамтамасыз ету және тағы басқалар бар. Аталған заңның 44-бабының 8-тармағына сәйкес, әскери қызметшілер мемлекет есебінен қызметі бойынша ауысқан, әскери қызметтен шығарылған кезде, стационарлық емделуге барған және кері қайтқан кезде теміржол, әуе, су және автомобиль көлігімен жол жүруге, сондай-ақ қызметі бойынша көшіп-қону кезінде он тон-

наға дейін жеке мүлкті тасымалдауға құқылы. Осы заңда көзделген жағдайларда әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлікте жол жүруге және пошта жөнелтілімдеріне арналған басқа да шығындар өтеледі. Келісім шарт бойынша әскери қызметшілер қашықтығы 100 шақырымнан астам бір елді мекеннен басқасына қоныс аударуға байланысты қызмет бабымен ауысқан кезде (оның ішінде әскери бөлім немесе бөлімше құрамында) оларға әскери қызметшінің өзіне екі айлық ақшалай қаражат және онымен бірге қоныс аударған әрбір отбасы мүшесіне айлық ақшалай қаражаттың жарты мөлшерінде көтерме жәрде-

мақысы төленеді. Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету тәртібі заңның 45-бабында қарастырылған. Тұрғын үйге мұқтаж әскери қызметшілер мен олармен бірге тұрақты тұратын отбасы мүшелері- жұбайы (зайыбы); ортақ немесе ерлі-зайыптылардың біреуінің кәмелетке толмаған (асырап алынған, асырауында немесе қамқорлығында болатын) балалары, күндізгі оқу нысаны бойынша білім беру ұйымдарында оқитын жиырма үш жасқа толмаған балалары және жұбайының (зайыбының) балалары; он сегіз жасқа толмаған мүгедек балалары және әскери қызметшінің асырауындағы ата-аналары мемлекет есебінен әскери қызмет

өткеру кезеңінде тұрғын жаймен қамтамасыз етіледі. Айына бір рет коммуналдық төлемақы (тұрғын үй, сымтетік, су ақысы); киім-кешек мүлкімен жабдықтау нормалары, жұмыс киімі (әскери киім) тегін; жылына бір рет негізгі демалысқа шығар кезде екі айлық көлемінде ақшалай көмек (емдеу-сауықтыру); тұрғын үйді жалға алғаны үшін кепілді өтемақы; офицерлердің ақшалай үлесі, көтерме жәрдемақы, үстеме және басқа да кепілдіктер; ауруханаларда, әскери госпитальдарда әскери қызметшілердің жанұясына емделу тегін. Өз таңдауыңызды жасасаңыз аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен хабарласыңыз. Байланыс сымтетігі 4-15-92.

Созақ ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлім.

Әркімнің әкесі-өзіне асқар тау. Әкесінің әрбір сөзі, қимылы, іс-әрекеті-қашан да тәрбие көзі. Әкелер қаншама түрге бөлінгенмен, менің әкем өзіме өзгеше. Қымбатты да, қадірменді әкемді бұдан былай енді «ата» деймін. Өйткені кішкентайдан мен әкемді «ата» деп өскенмін. Анам Уайша да, басқа ағайындар да ол кісіні «Рахманның атасы» дейтін. Содан мен әкемді тек өзіме ғана меншіктеп алғанмын. Әкемнің әскерге кетер кездегі бейнесі елестейді де тұрады. Сонау бір он сегізге енді келген жас балаң жігіт кезімде, қара көзі жәудіреп, әлсіз, әбден еттен айырылған саусақтарымен менің шашым тықырланып алып тасталған басымды сипап, көзінің қиығынан әлсіз жас жәй ғана ағып жатып:

-Иә, балам, әскерге баратын болдың ба?-деді.

Мен «Иә, ата, әскерге баратын болдым»-дедім. Әлсіз саусақтарымен басымды сипап жатып:

-Е! Біздің әулеттен сонау бір соғыс жылдарынан кейін әскерге бару саған бұйырыпты. Отан қорғау-әрбір ер жігіттің міндеті. Алдыңда ағаң, артыңда құдашаң бар ғой. Маған алаңдамай барып, қызметіңді атқарып қайт. Қазір бейбіт заман ғой. Сол қарғыс атқыр майданға төрт ағаңды шығарып салып едік. Төлеген, Арыстанқұл, Рахмыш, Тұрқұл-төртеуін. Сол ағаларыңнан жалғыз Тұрқұл ғана қайтты ғой,-деп шаршап қалды, көзін төбеге қадап ұзақ жатты. Көзінен аққан жасы тыйылмады. Әлден уақытта терең тыныстап алып, қайтадан маған қарай бетін бұрып:

-Қарғыс атқыр соғыс сол үш боздақты жұтып кетті ғой. Төлеген ағаңнан «Брест қамалына бардық» деген бір-ақ хабар келді. Одан соң қайтып хабар келмеді. Сөйтсек ол қамалды немістер талқанда тастапты ғой. Не өлді деген қара қағаз да келмеді.

Арыстанқұлдан «Шалқардан атты әскермен Сталинградқа бара жатырмыз» деген хат келген. Хатында «Қожабергеннің Жүдәні бар» депті. Одан соң одан да хабар үзілді. Ал енді Рахмыш ағаң бөріде 42-ші жылы Тұрқұл екеуі бірге кетті. Ұзақ уақыт екеуінен де хабар болмады. Оларды да өлдіге санап жүргенімізде, «жараланып госпитальда жатырмын, Сталинградта жараландым» деген Тұрқұлдан хат келді. Сталинградты қорғауға қатысқан. Оған да шүкір дедім.

Айтуға дәрмені жетпей тағы да шаршап төбеге қарап сұлық жатты. Аласа төсекте қасында жамбастап жатқан менің тақыр басынан қолын алмаған күйі ұзақ жатты. Мен атамның бетіндегі сансыз қатпарларға қарап жатып, адам бетінде де осыншама қатпарлар болады екен-ау деп ойлап жатып, сол қатпарларда қаншама қасіреттер мен қайғы-мұң жатқанын іштей сезіп, ет жүрегім езіліп жатты.Шалқалап жатқан күйде:

-Соғыс аяқталып қалғанда көктемде Қантағыда Сарбаста отырғанымызда ойламаған жерден Рахмыш ағаң еш хабарсыз әскер формасымен кіріп келді ғой. Жүрегіміз жарылып кетердей қуандық. Ол кезде үйде Ұлжан, Тәжіхан, Кенжекүл әпшелеріңмен төртеуіміз-ақ едік. Тасбике шешең Сарыағашта Кенжекүл әпшенді босанған соң, қан тоқтамай қайтыс болған. Кенжекүлді мына ағаңмен бірге емізіп, сенің шешең Уайша асыраған. Қуғын-сүргіннен аман қалған Асанқұл, Құрманқұл бар сүйретіліп Қантағыдағы Сарыбасқа жиалғанбыз. Басқа ағайындар да бар. Баламыз келген соң арқа-жарқа барымызбен шағын ғана құран оқыттым. Ол кезде құран оқытуға да, намаз оқуға да тым салған еді. Рахмыш бірер күн елді аралап көрді де:

-Көке! Мен әскерге қайтадан кетемін. Құдай қаласа немістерді қуып барамыз. Жеңіс күні де алыс емес. Мен жараланып госпитальда жатып, емделіп шықтым. Елге деп 10-15 күн демалыс алып келгенмін,-деді. Елге көшейік. Бұл жерде сізге күн көру қиын. Елге барсаңыз өгіс егіп, мал ұстап күн көресіздер. Мен де ұзамай қайтармын бұйыртса,- деп әрекетке көшті. Көбен ағамды қасына алып, үш есекке, менің жалғыз нарыма сыйлатын көр-жерімізді алдық та, Елшібай асуынан асып, қара құыстағы «Үңгірліге» келіп, шайламызды тігіп орналастық. Рахмыш пен Көбен ағаң төменнен, елден барып, екі өгіз бен соқа әкеп, жүгері, қауын, дарбыз, асқабақтың ұрығын әкеп, жер жырып берді де, жаяу тау асып

қайтып кетті. Атам шаршап қалды. Әңгіме айтуға шамасы келмей ентігіп, жөтеліп қақырық тастады. Шылапшынды алдына тосып басын көтердім. Іртікті қанды қақырық құсты. Дәрігерлер «бауыр ауруы» деп диагноз қойған, су әкеліп, аузын шайып, төсегіне қайта жатқыздым. Маған қарап:

-Біраз демалайын қалғанын сосын айтамын,-деді. Мен жүрегім езіліп көзіме еріксіз жас келіп, далаға шығып, есіктің алдындағы бауды аралап кеттім.

Біраз уақыттан кейін келсем көзін жұмып жатыр. Ұйықтап кеткен шығар деп шығып бара жатсам:

-Балам бері келші,-деді. Көзі жұмылы болғанмен, ояу жатыр екен. Қасына келдім. Көзін жұмған күйі қолымен ымдап, отыр деп, белгі беріп жатыр. Қасына отырдым. Апам тамағын әкелді. Май қосқан сүт.

-Ата, тамағыңызды ішсеңізші,-дедім. Жастағын көтеріп сүтін әпердім. Бір-екі ұрттады да, маған қолымен белгі беріп «әкет»-деді. Тамағын жерге қойып



ӘКЕ АМАНАТЫ

қайтадан төсегіне жатқыздым. Көзін ашып шалқасынан жатқан күйінде:

-Маған насыбай шишамды әперші,-деді. Аяқ жағындағы төсегінің астынан насыбай шишасын әпердім. Қолына алып қысып-қысып жатты да:

-Бар, атаңа нәлет! Жетпіс жыл жолдас болдың. Қайыр қош!-деді де, есікке қарай лақтырып жіберді. Әкем сөзін жалғастырды.

-Ағаң Рахмыш сол кеткеннен хабарсыз кетті. Колхоздың тірлігіне араластық. Мен колхоздың қоймашысы етіп қойды. Амантайдың батасынан, Қолмұраттың қамшысынан сен өмірге келдің. Өшкенім жанып, өлгенім тірілгендей болып, сенің атыңды Рахымышымның атын бердім. Шын аты Рахымберген еді. Сенің атыңды Рахманберді деп қойдым. Өмірге деген құлшыныс пайда болды. Үш жылдан соң артыңнан тағы бір ұл келді. Оның атын қуғын-сүргінде оқ тиіп қайтыс болған Құдайбергеннің атын бердім. Одан кейін Тұрғанкул деген қыз өмірге келіп еді. Алла оған өмір бермеді. Алты айдан кейін балаларға шығатын қызылшадан қайтыс болды. Әпшелерің Ұлжан, Тәжіхан, Кенжекүл, ағаң Әйтеу (Тұрлыбек) сені үш жасқа дейін еркелетіп, аяғыңды жерге тигізбей көтеріп өсірді. Міне, енді азамат болып, әскерге кетіп бара жатырсың. Бұл енді сенің жігіт болғаныңның алды. Қызығыңды көріп, үйләндіріп кетсем бе деп едім. Оған мына кұ кесел шамамды келтірер емес. Мен енді ұзаққа бармаймын, балам. Алланың берген жанын өзіне беретін уақыт жеткен сияқты. Сен ертең Мұханбек көкеңді, Тұрқұл төтенді шақырып келші, тапсыратын аманаттарың бар,-деп ентігіп шаршап қалды.

-Маған шәй әкеп берші,-деді. Ол кісі сол кездері далаға шыға алмай қалған еді.

Жүрегім езіліп, далаға шықтым. Көзіме жас келіп, кеудемде бір өкіс пайда болды. Шарбақтың ішінде әр нәрсені істеген болып тұртпектеп көп жүрдім. Кешке Тұрқұл төтем мен Мұханбек көкемді шақырып келдім. Тұрқұл-әкемнің «Тасты» совхозынан көшіріп алған інісі. Мұханбек-немере ағасы Қамбарбектің баласы. Мұханбек кезінде медреседе оқып, арапша жақсы сауаттанған. Совхоздың қоймашысы болып істейтін. Ол кісіні де Мақтаралдан совхоз ашылған соң, елге кел деп ағайын жабылып көшіріп алған. Мақтарал жаққа ол кісінің әкесі Қамбарбекті де «бай, кулак, Созақ көтерілісіне қатысқан» деп Кеңес өкіметі қудалаған. Соғыстан кейін Мұханбек көкеміз сол Мақтарал жаққа келіп орналасып, қызметке араласып, жақсы тұрған. Менің әкем болып, тағы ағайындар болып, елге кел деп қоймаған соң, балалар жат болмасын деп көшіп келген.

Ертесіне Мұханбек көкем мен Тұрқұл інісі келді. Апам тамақ асып, әкеммен әңгімелесіп отырды. Тамақ жеп болған соң, Мұханбек көкеме Құран оқы деп құран оқытты. Маған:

Ана, менің кітабым салған дорбамды әкелші,-деді. Мен бірталай кітап салған екі дорба кітабын әпердім.

-Ана апанды шақыр,-деді. Апам да келіп отырды. Кішкене көтеріліп отырып, әкем сәл үнсіздіктен соң:

-Тұрқұл! Мен енді қайтып қатарға қосылмаймын. Алланың өзі берген жанын өзіне тапсыратын уақыт жеткен сияқты. Екеуіңді екі жақтан көшіріп әкеп, бірің басымды сүйесең, бірің жаназамды шығарсын деп тілеп едім. Енді екеуіңе аманат тапсырайын деп отырмын,-деп ентігіп дем алып, біраз уақыт үнсіз қалды. Сосын:

-Мұхамбек! Сенің сауатың бар. Менің иманымды үйіріп, жаназамды өзің шығарарсың. Саған мына кітаптарымызды аманат етіп тапсырайын деп отырмын. Бұл кітапты мен кеткен соң ешкім оқымайды. Аяқ асты болып, мына балаларға зияны тие ме деп отырмын. Менің ең сенімді жақын інімің. Жандарбек пен Қамбарбек екеуі туысқан болып, өмірі аралары ажырамаған еді. Қамбарбек менің Сұлтанбек ағаммен жасты еді. Менің әкемнен үш жас кішілігі бар. Бірақ екеуі қатар өсті, өмір бойы бір-біріне серік болып өтті,-деп кішкене дем алды да, маған ана дорбаны әперші,-деді. Мен дорбасын әпердім.

-Кітаптарды шығаршы,-деді. Кітаптарды шығарып алдына қойдым, үш-төрт кітапты алып:

-Мұхамбек! Мынау біреуі-Құран, мынау-Мұхтасар, мынау- Ақайыт, мынау-Сияр Шәріп, тағы мына екеуін де саған беремін,-деп бес-алты кітапты бөлек қойды. Сосын дорбасынан сырты кіркір тозығы жеткен оқушы дәптерін алды.

-Мынау біздің әулеттің шежіресі еді. Басқа аталардан да ештеп бар. Бұны арабша жазып едім. Оны сенен басқа ешкім түсінбейді. Қазіргі әріпке ауыстырып, мына балаларға берерсің. Ана кітаптар да аманат, өзің пайдалан. Кейін мына бала үй болып, адам қатарына қосылған соң қайтарарсың.

-Тұрқұл, сен мына Аллаға шығарып саларда басымды сүйерсің. Мына екі бала аяқтанбай жас қалып барады. Осы екеуі мына екеуіне аманат, шырақтарымы. Ал, Уайша, мына қалған кітаптарды, ана менің шекпенімді Мұхамбетәліге берерсің. Ана бөрік пен қалпақты әкел, бөрік, Мұханбек, саған, қалпақ, Тұрқұл, саған менің терім сіңген ғой. Аяқ асты қылмай киерсің,- деп шаршап қалды.

-Рахман! Мені жатқызшы,-деді. Жайлап төсегін реттеп жатқыздым. Біраз шалқалап жатты. Шай ішіп отырғанда:

-Балам! Саған мына екі ағаңның алдында үш өсиетім бар, соны айттайын,-деді. Біраз демалған соң:

-Ешкімнің ақысын жеме, кісіге қиянат жасама, қолыңнан келсе, үлкенді сыйлап, кішіні құрметтеп, көпшіл бол. Қарызға абай бол.

-Құмар ойыңа жолама. Кісі ақысын жеме. Мына қара шаңыраққа еге бол. Кісі түсетін үй бол!

-Ана ағаң (ағам Тұрлыбекті айтып отыр) шиеттей бала-шағалы. Қолдар-

ыңнан келсе, жалғызсыратпай қасынан табылыңдар. Шешелеріңе қолғабыс болыңдар,-деп ентігіп шаршап қалды. Үндемей ұзақ жатты. Бір уақытта басымды көтеріп қарасам, Мұханбек көкем де, Тұрқұл төтем де жылап отыр екен. Менің де көзімнен жас шығып кетті. Біраз отырған соң апам:-Арағын қайтеді,-деді. Сол кезде әскерге кетеміз деп біраз ішкеніміз бар еді.

-Ол енді өз заманы. Өмір сонікі. Ақылы кірсе өзі үшін қояр,-деді. Мұханбек көкем беторамалмен жасын сүртіп:

-Жәке! Бәрі орынды. Барлық аманатыңызды орындаймыз. Алла әлі де өмір берсін,-деді. Шалқасынан жатқан күйі:-балам сенің екі ағаң Төлеген мен Рахымышқа уақтысында ас бере алмадым. Қуғын-сүргінде жүрдік қой. Рахымыштың қайтыс болғанын кейін білдік. Кейін үй болып, есіңді жинаған соң, сол екеуіне ас беріп құран оқытарсың,-деді. Әкемнің осы бір аманаты еш уақытта санамнан кетпей, ойымнан шықпай қойды. Үнемі есімде жүреді. Мен әскерге кеткен соң, қақаған желтоқсанның алтысында әкем өзінің мәңгілік мекеніне кетіпті. Оны маған айтпай, 1968 жылығы наурызда қысқы мерзімді демалысқа келгенде бір-ақ білдім. Әкемнің орны үңірейіп көрініп тұр. Шайжан мен Төреш әкемнің басына алып барды. Ақтөбедегі өзінің бабасы Төрбек атамыздың жанынан мәңгілік тұрағын тауыпты. Әкемнің қорымын құшақтап ал кеп жайлайын. Көп жыладым. Ақыры Шайжан мен Төреш екі қолымнан көтеріп басу айтып, жұбатып жатыр. Жылағанмен енді менің әкем тіріле ме?

Әскер біздің кезімізде үш жылдық еді. Ең соңы біз болдық. Бізден кейін 2,5-2 жылдық болып кетті. 1969 жылы наурыз айында дабыл болып, Даман аралынан бір ақ шықтық. Үш айда Даман аралын Кеңес өкіметі суға батырып, жойып тынды. 1969 жылдың тамызында бізді зорға елге қайтарды.

Әкемнің аманаты еш ойымнан кетпейді. Әкемнің басына тастан төрт құлақ тұрғызған болдым. Балалы-шағалы болып әртүрлі жұмыстың басын шатып жүріп, 1975 жылы Шымкент педагогикалық институтына тарих факультетіне оқуға түстім. Бала-шағаның жағдайымен жүріп, әке аманатын орындауға шамам келмеді. 1987 жылы інім Құдайберген ойламаған жерден әкесінің артынан кетті. Бұл да мен үшін өте ауыр қайғы болды. Одан кейін інімнің балаларын, өзімнің балаларымды оқыту, түрлі жағдайлар тағы да мойын бұрғызбады. Осылай жүргенде бір күні анам Уайша да мәңгілік сапарына кетті. Одан кейін келін алу, қыз ұзаты шамамды келтірмеді. Барлығы аяқтанып, бір-бір мамандық алған соң ес жиып, енді әрекетке көшуге мүмкіндік болды. Балаларыма әкемнің аманатын айттым. Ешқайсысы қарсы болмады. Немерелі, шөберелі болдым. Әкемнің басына інімнің балаларын ұйымдастырып қарайтып белгі орнаттым. Есен інім Төрбек атасы мен Төлекке әкемізге қара мрамордан белгі қойды. Бұдан бұрын немере ағам Асанқұлдың баласы Бақыт ұйымдастырып, Жандарбек би атамызға белгі қойғанбыз. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген бар. Енді соның реті келген сықылды.

Тағы да бір Алла сынақ салды ма, табан астынан Бақыт ағам инсульт алып сегіз ай емделді. Биыл ол ағамда мәңгілік сапарға кетті. Енді жалғыз қалғандай күй кешудемін. Әрқайсысының орны бөлек еді.

Әке! Мына жарық дүниеден кеткеніңе де елу алты жыл болыпты. Құдайға шүкір дейін, қазір ұрпағың өсіп-еніп жатыр. Менің көкейімдегі бір өкініш перзентің болып саған ешқандай жақсылық жасай алмадым. Перзенттік парызымды өтей алмадым. Немере сүйгізіп, шөбере сүйгізіп алмадым. Қолыңды жылы суға мали алмадым. Бірақ атыңа кір келтірмедім. Шаңырағыңды шайқалтпадым. Өзің айтатының Төрбектен тарағандар біздің үйден енші алып шыққандар,-деп. Қазір ол ұрпақ та бір әулет болды. Өзіңнен тараған осы әулеттің ұл-қыздарымен мына дүниеде қазір жоқтарға, майдан даласында қалған ұрпақтарға арнап құран бағыштамақпыз.

**Рахманберді ЖАПБАРҚҰЛҰЛЫ,
Ы.Алтынсарин, Тұран тұлпары
медальдарының иегері,
Түркі әлем жазушылар одағының
мүшесі, Созақ ауданының
Құрметті азаматы.**

Бабата киелі де қасиетті мекен. Бұл ауылда дүниеге келген адам бойына ізгілікті, парасаттылықты сіңіріп өседі. Бүгін жазбамызға арқау болып отырған Орынтаев Орынбасар осы елді мекенде 1953 жылы 10 шілдеде өмір есігін ашты. Балалық бал дәуренді Бабата өзеніне шомылып, топырағын кешіп, Қарауыл төбенің биігіне шығып өткізді. «Тау баласы тауға қарап өседі» дегендей әлгі төбенің биігіне шығып, ол талай ой теңізінде жүзген. Сегізінші сыныпқа дейін осы ауылдағы 8 жылдық мектебінде оқып, орта мектепті Жартытөбе ауылындағы Құлыншақ Кемелұлы атындағы білім ұясында оқып, бітірді. Білім ұясын үздіктер қатарында тәмамдап, бітірген жылы жоғарғы оқу орнына барып, бағын сынап көрді. Десе де мектепте алған білімі терең болса да оқуға іліге алмай қалды. Орынбасар оған қатты

пен еске алады. Әңгімелесу барысында көптеген жоғарғы оқу орындары арасында өткен мәдени шараларға жиі қатысып жүретінін айтты. Педагогтық еңбек жолын аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте бастады. Жас шәкірттерге саналы тәрбие, сапалы білім беру жолында көп ізденді. Әрбір сабақты қызықты етіп өткізді. Талапты жастар оның сабағына қатысқанша асығатын. Шәкірттерге өте жақын болып, олардың тілін тез тапты. Үзіліс сайын жас мұғалімді оқушылар қаумалап алатын. Сабақ сұрап, пікір алмасуға құштар еді. Бала жүрегінің бағбанына айналған ол кейін Жартытөбе кеңшарындағы Құлыншақ Кемелұлы атындағы орта мектепке мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары болып ауысты. Мұнда ұжыммен тез тіл табысып, мұғалімдермен тығыз қарым-



хатымен, облыстық «Нұр Отан» партиясының Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен, аудан әкімінің Алғыс хатымен, облыстық аумақтық сайлау комиссиясының Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 толуына байланысты мерекелік медалімен марапатталды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің «Әлеуметтік еңбек саласының үздігі» медалін кеудесіне тақты. Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің Алғыс хатын алды.

Қай салада болмасын адал еңбегімен озат атанып, көш бастады. Көркем мінезді азамат ретінде бүкіл аудан жұртшылығына танылды. Ақыл, парасаты мол ағамыз жа-

Еңбегін елмен бірге атқарған азамат

ренжіп, көңіл –күйін түсірген жоқ. Ауылда қалып еңбек етті. Аға шопанға көмекші болып, шаруашылыққа кірді. Жас та жігерлі азамат жұмысқа белсене кірісті. Ен далада романтикаға беріліп, маңдай терін моншақтатып, кеңшардың табысын молайтуға үлкен үлес қосты. Жазда жайлауда, қыста Үшкөкшенің құмында еңбек көрігін қыздырды. Ә дегеннен-ақ, көмекші шопан жұмысын жауапкершілікпен атқарды. Кеңшар экономикасын көтеруге белсене атсалысты. Қой бағып жүріп, болашақта жоғарғы оқу орнына түсуді армандады. Үшкөкшенің құмында Жонның бойында еңбек жолын қызықты өткізді. Табиғаттың тылсым сырларына қызыға қарайтын. Әсіресе көктем кезінде дала құлпырып кететін тұс Орынбасарға қатты ұнайтын. Қырдың қызғалдағын, жуасын теріп ерекше сезімге бөленетін. Аға шопанға көмекші болып жүріп, ата кәсіптің де қыры мен сырына қанықты. Ол баққан отар үнемі меже биігінен көрінді. Екінші тыңда жас жігіт құлшына еңбек етті. Жұмыс жасап шыңдалған ол келесі жылы Шымкент қаласындағы педагогикалық институтқа құжат тапсырып, бағын сынады. Барлық пәндерді жақсы деген бағаға тапсырып, студент атанды. Жоғарғы оқу орнында қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Мәдени-көпшілік шаралардың басы-қасында жүрді. Аталған оқу орнында курстастарынан озық болып, үздікке бітірді. Ауылға келген сайын өскен өлкесін рухани азыққа бөлеп жүрді. Қазір сол күндерді сағыныш-

қатынаста жұмыс жасады. Білім ұясында мұғалімдер бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болды. Еңбегі орынды бағаланып, Орталық комсомол комитетінің Құрмет Грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ төсбелгісін кеудесіне тақты. Аудан көлемінде іс-тәжірибесі таратылды. Жас ұстаздарға үлгі-өнеге көрсетті. Аудандық, облыстық педоқуларда мазмұнды баяндамалар жасады. Еткен еңбегінің арқасында тәжірибелі мұғалім атанды. Көбінесе ізденісте жүретін Орынбасар озат атанып, ұжымдастарының мақтанышына айналды. Кейін Сарыағаш қаласындағы Қапалбек малдәрігерлік техникумында оқып бітірді.

1983 жылы О.Орынтаев Жартытөбе байланыс бөлімшесінің қызметіне ауысты. Бұл салада да жемісті еңбек үлгісін көрсете білді.

«Занесен доску почета передовик и победитель социалистический соревнования» «Благодарность министерства связи Казакский ССР» деген марапаттарға ие болды.

Бұдан кейін Созақ аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы болып қызмет жасады. Бұл салада да ерен еңбек үлгісін танытты. Мекеме басшысының Алғыс хатымен бірнеше мәрте, аудан әкімінің Алғыс хатымен, 2013 жылы облыстық кәсіподақ комитетінің Құрмет грамотасымен, облыс әкімінің Алғыс

старға үлгі-өнеге. Абыз қария ретінде көпшілік бас қосқан жиындарда батагері ақсақал.

Өткен өмір жолынан кейінгі ұрпаққа үйретуден жалықпайды. Үнемі көпшілікпен жұмыс істегенді жүрегі қалайды. Қазіргі кезде де зейнет жасындамын деп қоғамдық жұмыстардан тыс қалмайды. Көптеген шараларға қатысып, үлкендік гибратын танытып жүр.

Ауыл-аймаққа сыйлы еңбек ардагері. Жастарға ақылшы.

Сонау бала кезінен еңбекке үйір Орынбасар балаларына да ақылдылыққа, еңбек қорлыққа тәрбиелеп келеді. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған. Үйінде немерелері шапқылап есіп жатыр. Перзенттерінің барлығы жоғары білімді.

«Әке көрген-оқ жонар» дегендей балалары мемлекеттік қызметте істейді. Өз орталарында сыйлы азаматтар. Үнемі ізгілікті ту етіп келе жатқан Орекең жастарға алғыс-кеңесін айтудан жалыққан емес.

Қасиетті Бабатаның түлегі тынымсыз еңбек етудің хас шебері.

Ақ көңіл, жүзінен жылылық лебі есіп тұрады.

Уақыт неткен ұшқыр десеңіші! Бейне ағып жатқан өзен дерсіз! Орынбасар ағамыз жүріп өткен жолы кейінгі жастарға үлгі ететін тұлға.

Бірімізге аға, бірімізге көке, көркем мінезді көнекөз қарияға 70 жасқа келген мерей жасыңыз құтты болсын дейміз.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.



БЖЗҚ БЖЗҚ-ға жүгінбеген отандастарымызға мақсатты хабарландыру жүргізілді

БЖЗҚ жыл сайын «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен (Мемлекеттік корпорация) бірлесіп, зейнет жасына толған және БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, бюджет қаржы есебінен жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алатын, бірақ БЖЗҚ-ға төлем үшін жүгінбеген адамдарды анықтау тұрғысынан салыстырып тексеруді жүргі-

зеді.

Салыстыру нәтижелері бойынша 2023 жылдың басында жоғарыда аталған санаттағы 180 мыңнан астам адам анықталды.

Зейнетақы жинақтарын төлеуді жүзеге асыру мақсатында Мемлекеттік корпорацияға жылдың сәуір айында мобильді азаматтар базасында (бұдан әрі – МАБ) тіркелген алушыларға зейнетақы жинақтарын төлеу бойынша проактивті қызмет көрсетуге келісімін алу үшін sms-хабарламалар жіберді.

Егер алушы төлем алуға өтініш бермесе, зейнетақы жинақтары оның жеке зейнетақы шотында сақталып, оған инвестициялық кіріс есептеле береді.

«Созақ үні»-ақпарат.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі

Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 21 – бабына сәйкес деректемелер мен көрнекі ақпарат тіліне қойылатын талаптар бойынша ай сайын тұрақты түрде сауда орталықтары, дүкендер, асханалар т.б. кәсіптік нысандарды аралап түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеді. Аталған шара бұл айда да өз жалғасын тапты. Мекеме қызметкерлері сыртқа шығып аудан орталығындағы дүкендер мен асханаларды аралап, кәсіп иелерімен жекелей тілдесіп, оларға бұл жұмыстың мақсаты мен маңыздылығын жеткізді. Сондай –ақ арнайы дайындалған жадынама таратылды. Оның ішіне күнделікті тұрмыста және сауда – саттық барысында жиі қолданылатын қазақша

баламасы ұмыт қалып бара жатқан 70 –ке жуық сөздер енген.

«Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» мекемесі ана тіліміздің абыройы үшін бірқатар жұмыстар атқарып жатыр. Әр ай сайын жүргізілетін бұл науқан солардың бірі де бірегейі. Халық көп шоғырланатын жерлердегі әр түрлі атаулар мен жарнама тақтайшаларындағы жазулардың қазақ тілінде болуы және дұрыс жазылуы мемлекеттік тілдің алдыңғы орында болуына зор үлесін қосады. Бұл науқанды өткізудегі мақсатымыз да осы еді. Айта кетейік дәл осы сияқты жұмыстар мекеменің жылдық жоспарына сәйкес тоқтаусыз жүргізілетін болады.

Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ.

Өткеніміз бен болашағымыздың қазынасы

Мұрағат дегеніміз—тарихи деректік құжаттар сақталатын алтын қазына. Онда ата-бабамыздың әулеттік шежіресі сақталып, өткен өмірдің айнасына айналуға мүмкіндік береді. Мұрағатта әр кезеңдегі тарихи оқиғалар, дипломатиялық қарым-қатынастар, қоғамның саяси-әлеуметтік, экономикалық бағыттары жөнінде қанды құжаттар сақталады. Сондықтан да мекемелер мен кәсіпорындарында, оқу орындарында іс қағаздарын жазғанда бекітілген номенклатура негізінде ұқыпты, нақтылы, дәлелді, мазмұнды жазып, болған іс-шараны ешқандай қоспасыз көрсете жазу шарт. Әр жыл соңында мекемелердегі іс қағаздар бекітілген сараптау комиссиясының шешімімен құжаттарды сараптау, жүйелеу негізінде сол мекеменің ведомствалық мұрағатына өткізіледі. Ал жарамсыз деп есептелінген құжаттар сараптау комиссиясының шешімі бойынша тізбе негізінде жойылады. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 22-желтоқсандағы «Ұлттық мұрағаттық қор және мұрағаттар туралы» заңы және «Мұрағат» жөніндегі түсінік бекітілді. Онда мемлекеттік мұрағаттар, олардың атқаратын негізгі қызметтері мен міндеттері айқындалды. Мемлекеттік мұрағаттардың түрлері анықталды. Ұлттық мұрағаттық қордың құжаттарын жіктеу белгілеріне сәйкес мемлекеттік мұрағаттар жүйесі құрылды. Облыстық мемлекеттік мұрағаттар және олардың филиалдары, қалалық, аудандық, ведомствалық арнайы мемлекеттік жеке мұрағаттар тиісті ережелерге, талаптарға сәйкес өз жұмыстарын атқаруда. Әр мұрағат қызметкердің этикалық кодексінің негізгі принциптері бекітілді. Ол бойынша әр қызметкердің міндеті: Мұрағаттық құжаттардың тұтастығын қорғау және олардың дұрыс сақталуын қамтамасыз ету; Құжаттардың құндылығын сараптап, іріктеу бір жүйеге келтіру; Мұрағаттық құжаттардың түпнұсқалығын қорғап, сақтай отырып, оларды мемлекеттік, коммерциялық, жеке құпияларды, конфиденциалды ақпаратты сақтай отырып пайдалану; Қызмет көрсету барысында заң шеңберіндегі іс-шараларды іс жүзіне асыру; Әр мұрағат қызметкері басқа мамандық өкілдерімен ынтымақтаса отырып, әлемдік құжаттық мұраланы сақталуын қамтамасыз ете отырып оны тиімді пайдалану деп көрсетілген. Мұрағат құжаттары тарихи дерек ретінде Қазақстанның әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуына тигізер әсері мол. Өйткені өткен тарихи кезеңдерді зерттеу білу үшін мұрағат құжаттарына сүйенеміз. Мұрағат құжаттарын тиімді пайдалану арқылы Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерін ашуға мүмкіндік туады. Тарихи зерттеулер мұрағат құжаттары негізінде жинақталып жазылатындықтан бұл мәселе қазіргі таңда өзекті болып отыр. Мұрағат құжаттарын мәдени-ағарту және насихаттық мақсатта пайдаланудың барысында: көрмелер ұйымдастырып, теле және радио хабарлар даярлап, лекция мен экскурсия өткізіп және мерзімді басылымдарда мақалалар жариялап, түрлі құжаттық көрме ұйымдастыру болып табылады. Көрме құжаттарды насихаттау үшін жасалады. Көрмеде арнайы таңдалып алынған құнды, әрі қызық (хаттар, естеліктер, фотосуреттер, брошюралар, плакаттар т.б.) құжаттар қойылады. Көрменің тақырыбы елдің қоғамдық-саяси өміріне белгілі мемлекеттік және қоғамдық қызметкерлерге, республика тарихына арналуы мүмкін. Мұрағат құжаттарының көрмелері уақытша және тұрақты болып келеді. 1. Тұрақты көрмелер ұзақ уақыт бойы жұмыс жасайды. Мұндағы экспонаттар жартылай немесе толық ауыстырылып отырады. Ал уақытша көрмелер белгілі бір мерзімге дейін жұмыс жасайды. Қай жерде және қалай орналасуына қарай көрмелер стационарлық және көшпелі болып келеді. Көрменің мақсаты тақырып мазмұнын жоғары ғылыми деңгейде ашып, құжаттық экспонатты жан-жақты көрсету болып табылады. Бұл мақсатта жұмыс екі кезеңге бөлінеді, яғни көрменің экспозицияларын ғылыми даярлау және көрмені безендіру. Көр-

менің экспозициялық құжаттарын ғылыми даярлауда әдетте тақырыпқа байланысты әдебиеттерді зерттеуден және библиография жасаудан тұрады. Көрмеге қойылатын құжаттар тексін фото және ксерокөшірме жасалады. Сонымен қатар безендіру материалдары да (сурет, гравюра, акварель) тек түпнұсқа түрінде көрсетілді. Мұндай көрмелердің тақырыбы заман талабына сай болуы шарт. Жылжымалы көрмелердің ерекшелігі оларды бірнеше түрде жасап, әртүрлі қалаларға жіберуге болады. Көрменің ашылғаны жөнінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы және мерзімді баспасөз беттеріне мәлімет беру көп жағдайда көрменің табысты өтуіне себепші болады. Фотоальбом жасау әдістемесі көрме әдістемесіне жақын. Тек фотоқұжаттармен жұмыс жасау ерекшелігін ескерген жөн. Мысалы, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты 1985 жылы Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне «Мұрағат халық игілігі» атты үлкен көрме ұйымдастырды. Бұл көрменің негізгі тақырыбы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатының даму тарихын және оның қоғамдық қызметін көрсетуге арналды. Мерзімді баспасөз беттерінде мақала жариялау, теле және радио хабарлар ұйымдастыру құжаттарды мәдени – ағарту және үгіт насихаттық жұмыста пайдаланудың кең тараған түрі. Мерзімді басылымдар беттерінде жарияланған мақалалардың тақырыбы әртүрлі. Көбінесе олар белгілі бір мұрағаттық құжаттар құрамы мен мазмұнына арналады. Сонымен қатар белгілі бір тақырып бойынша құжаттардың мазмұнына және мұрағат ісі жөніндегі негізгі сұрақтарға арналады. Мұрағат материалдары негізінде ғылыми – көпшілік кітапшалар шығару, мұрағат қойнауында жатқан ең қызықты құжаттарды көпшілікке танымал етудің тиімді түрі.

Сәуле ЖАНМОЛДАЕВА,
Созақ аудандық мұрағатының бас маманы.

2023 жылғы қаңтар-мамырға Созақ ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуы

	2023 жылғы Қаңтар-мамыр	2023 жылғы қаңтар-мамыр, 2022 жылғы қаңтар-мамырға, %-бен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер¹⁾		
Халық саны, адам (2023 жылғы 1 мамырға)	63 281	100,9
Туылғандар, адам	496	91,7
Өлгендер, адам	96	106,6
Иммигранттар саны, мың адам (келгендер)	416	100,0
Эмигранттар саны, мың адам (кеткендер)	595	71,8
Еңбек рыногы және еңбекақы төлеу		
Қызметкерлердің тізімдік саны, мың адам 2023 жылдың I тоқсаны	18 288	101,9
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге 2023 жылдың I тоқсаны	503 460	129,0
Ұлттық экономика		
Негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге	27 574,8	199,4
Сауда		
Бөлшек сауда тауар айналымының көлемі, мың теңге	1 435 206	100,0
Кетерме сауданың жалпы көлемі, мың теңге	133 143	100,7
Экономиканың нақты секторы		
Өнеркәсіп өнімінің (тауар, қызмет) көлемі, мың теңге	213 927 398	100,1
Жалпы ауыл шаруашылығы өнімінің (қызметінің) көлемі, млн. теңге	6 660,6	103,5
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млн. теңге	4 916,9	2,3 есе
Іске қосылған тұрғын үйлер, м ²	8 679	101,1
Қаржы жүйесі²⁾		
Кәсіпорындардың дебиторлық берешегі, млн. теңге	334 028,1	138,5
Кәсіпорындардың міндеттемелер бойынша берешегі, млн. теңге	142 689,6	105,5
Өндірілген өнім көлемі, млн. теңге	213 800,5	104,7

¹⁾ 2023 жылғы қаңтар-мамырдағы деректер
²⁾ 2022 жылғы IV-тоқсандағы деректер ірі және орта кәсіпорындар мен ұйымдар бойынша

КӘСІПОРЫНДАР СТАТИСТИКАСЫ 2023 ЖЫЛҒЫ I МАУСЫМҒА ТІРКЕЛГЕН ЗАНДЫ ТҮЛҒАЛАР

Меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

	бірлік	
	2023 жылғы I маусымдағы	2022 жылғы I маусымдағы
Барлығы	485	104
Мемлекеттік	104	381
жеке	381	1
Мемлекеттік қатысумен (шетелдің қатысуынсыз)	1	9
Бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуынсыз)	9	-
шетелдік	-	-

Созақ АСБ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПкерлер мониторинг

Аудандағы шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны 2023 жылдың I маусымға 4940 бірлікті құрады.

2023 жылғы I маусымға шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны

Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің барлығы	оның ішінде				Шаруа (шаруа-фермер) қожалықтары
	ШОК заңды тұлғалары ¹⁾		дара кәсіпкерлер ²⁾		
2023 ¹⁾	2022	2023 ¹⁾	2022	2023 ¹⁾	2022
5 031	3 380	292	267	3 462	2 029
				1 277	1 084

¹⁾ Жедел деректер.

²⁾ Статистикалық бизнес-тіркелім деректері.

Созақ АСБ

Жемқорлықпен күрес-әрбір азаматтың міндеті

Коррупция термині латын тілінің «corruptio» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекеттің организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни, лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы болып табылады. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай, термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасын шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздікті білдіреді. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады.

«Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе – бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», - деген екен ежелгі ойшыл ғалым

Аристотель. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын. Сондықтан, жемқорлық процестерін жеңуге тек тас түйін саяси механизмдер мен ауқымды жүйелі іс-шаралар нәтижесінде ғана жетуге болатынын ескере отырып, жемқорлықпен күресуге жоғары деңгейде көңіл бөледі.

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті, өскелең ұрпақ пен мемлекетіміздің даму жолында жемқорлықпен күресудің орны ерекше болып табылады. Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы сыбайлас жемқорлықпен күрес және оның алдын алу шарасы бағдарламасы аясында аудандық газетке мақалалар, сенім телефонын жариялап тұрақты күресіп келеді. Әрі бұл шара жалғасын таба береді.

Гүлдана ЖӘНІБЕКОВА,
Созақ аудандық статистика басқармасының жетекші маманы.

ХАЛЫҚТЫҢ АУРУ-СЫРҚАУЛЫҒЫ

2023 жылғы қаңтар-мамырдағы халықтың жекелеген жұқпалы ауруларға шалдығуы (100 мың адамға шаққанда)

ІЖА тобы	Бруцеллез	Жітті вирустық гепатит	Жоғары тыныс жолдарының өткір жұқпалары	Тұмау	Менингококк жұқпасы	Тыныс жолдары туберкулез	Мерез
15	4	4	14 197	-	-	-	4

*ҚР ҰЭМ ТҚЖ ОҚО ТҚЖД деректері бойынша.

Созақ АСБ

ҚЫЛЫМЫСТЫЛЫҚ

2023 жылғы қаңтар-мамырдағы ауырлық сипаттары бойынша тіркелген қылмыстар саны*

Тіркіленген қылмыстар барлығы	соның ішінде ауырлық саннатары бойынша				
	ауыр	ерекше ауыр	ауырлығы орташа	онша ауыр емес	киінкіліктер
46	8	-	23	6	9

*Түркістан облысы бойынша құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитет басқармасының мәліметтері бойынша.

Созақ АСБ

Мемлекеттік қызмет-мерейлі міндет

Мемлекеттік қызмет—мемлекет қызметінің бір саласы және мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттілігін атқару жөніндегі қызметі болып табылады. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайларын Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы реттейді. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметтің ұйымдастырылуы мен атқарылуы келесі принциптермен негіз алады: заңдылық, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы, азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдылығын; Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге және өз қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша жоғарылауға тең құқығы және тағы басқа принциптері. Мемлекеттік қыз-

метшілер лауазымдарының құрамына мемлекеттік қызметшілердің саяси және әкімшілік лауазымдары кіреді. Мемлекеттік саяси қызметшілердің мемлекеттік қызметке тағайындау, не сайлау негізінде кіруі, ал мемлекеттік әкімшілік қызметке орналасуы конкурстық негізде жүргізіледі. Еңбек шарты. Қазіргі жағдайларда еңбек қатынастарына тұру үшін еңбек шартын жасау керек. Оның қарастырылған «Азаматтық құқық» тарауындағы азаматтық құқық шартынан айырмашылығы мынада: еңбек шартының міндеті — қызметкердің және жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттерін белгілеу. Еңбек шарты қызметкер мен жұмыс берушінің арасында заңнамаға сәйкес жасалуы керек. Еңбек шартының мерзімі. Еңбек шарты әрқашан уақытша шеңберде әрекет етеді. Бірқатар жағдайларда уақытша шеңберлер шарттың әрекет ету мерзіміне байланысты болады. Шартқа отырған тараптар оның әрекет ету мерзімін түрліше белгілеуі

мүмкін. Дәлірек айтқанда, екі ұшты мерзім қояды. Ол қызметкер жұмысқа тұрақты мерзімге қабылданады деген сөз. Бұл жағдайда қызметкер шарттың мерзімі өтуіне байланысты жұмыстан шығарылмайды. Жұмысқа қабылдау кезеңіндегі сынақ мерзімі. Қызметкердің тапсырылған жұмысқа сай келетінін тексеру үшін сынақ белгіленуі мүмкін. Сынақ мерзімі туралы қызметкердің жұмысқа қабылдау кезінде ескертіледі. Сынақ мерзімі үш айдан аспауы тиіс. Ол қызметкердің ауырып қалуына, басқа да дәлелді себептерге байланысты тоқтатылуы мүмкін. Олар «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» заңның 30-бабында көрсетілген. Қызметкер әскери қызметке шақырылуы мүмкін. Бұл жағдайда қызметкер шақыру туралы құжатын көрсеткен соң үш күндік мерзім ішінде жұмыстан босатылады. Еңбек жағдайларында жұмыс беруші, қызметкерге оның атқаратынынан артық талап қоя алмайды. Қызметкер еңбек шарты

бойынша өзіне алған міндеттерді орындаудан жалтара алмайды. Еңбек жағдайлары қызметкердің өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, гигиена талаптарына сай болуы тиіс. Қызметкердің толық қанды демалуға, қажетті материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндігі болуы тиіс. Оның білім алуға (жалғастыруға), т.б. мүмкіндігі болуы керек. Еңбек жағдайлары бойынша заңнамалық талаптар азаматтардың табиғи, әлеуметтік мұқтаждарына (сұранымдарына) сәйкес белгіленеді. Жұмыс уақыты. Қызметкердің денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету және басқа себептермен шаршап шалдығуына жол бермес үшін жұмыс уақытының нормалары қойылады. Оларды белгілеудің зор тәжірибелік маңызы бар. Айтылғандардан байқалғандай, қызметкердің денсаулығы қорғалады.

Р.МӘТЕН,
Созақ аудандық сотының бас маманы.

Табиғи дала орман өрттері күннің қатты яғни 45-50 С ыстығының әсерінен құрғақ шөптердің өздігінен жануы мүмкін себебі олардың тұтану температурасы жоғары болады;
Жасанды дала орман өрттері адамдардың күнделікті өрт қауіпсіздік ережесін сақтамағандықтан пайда болатын өрттер. Адамдардың шылым шегіп толықтай сөндірмей тастап кеткенінің

ортадан бір өрт сөндіруге арналған соқалы тракторды кезекшілікке қою қажет;

- Дала, орман өрттерінің алдын-алу шараларында, орманның аса өрт қауіпті аймақтарына адамдар мен техникалардың кіріп шығуына шектеу қоюға;

- Дала, орман өрттеріне қарсы өзара бірлескен іс-қимыл жоспарын жасап,

Орманда отқа абай болайық!

әсерінен, кішкентай балалардың сіріңкемен ойнау нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Сондықтан да 2023 жылы болуы мүмкін дала және орман-тоғай өрттерінің алдын алу мақсатында төмендегі іс-шараларды орындау қажет:

- Шаруа қожалық иелері өздерінің егістік алқаптарының айналасына минералды жолақтар жүргізуі қажет;
- Барлық ауыл шаруашылық техникалары ұшқын ұстағыштармен, екі дана өрт сөндіру құралдарымен (огнетушитель) жабдықталуы тиіс;
- Мал азығын даярлау, егін ору кезінде шаруа қожалық иелері бірігіп

орман қоры жерімен шекаралас аймақтарда өрт қауіпі маусымы кезінде ауыл округі бойынша ерікті өрт сөндіру жасақтарын ұйымдастырып, құрамы бекітіліп дайын болуы қажет;

- Ауыл әкімдіктеріне шекаралас орналасқан орман қоры жерлеріне өрт сөндіруге бейімделген және жанар-жағар маймен қамтамасыз етілген техникалар жасақталып дайындықта тұруы керек.

Ерлан САМЕТ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің аға орманшысы.

Тілсіз жаудың орын алуына жол бермейік!

Өрт—абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шөк, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі—ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ау-

ыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бейжай қарамай өз қол ұшын беруі керек. Темекі тұқылдарын кез келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырып қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік. Сонымен қатар, көпшілік қауым, ауыл тұрғындары қонақтарын ертіп табиғат аясына демалғанда жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, кәуәп пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз.

Жасұлан АМАНГЕЛДІ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Қызметтеріне ел риза

Аудан орталығындағы «Бекхлы» базарының маңы сауда нүктелеріне толы. Олардың әрқайсысы тұтынушыларға қызмет көрсетеді. Көбісі балық, бәліш, қымыран, қымыз сатумен айналысады. Алыс-жақыннан келген қонақтар осындағы шағын асханалардан дәм татып, сусын ішіп, ризашылық көңілмен қайтып жатады.

«15 минут» деп аталатын шағын асханаға келушілер де көп. Мұнда қуырылған балық, бәліш, самса, ыстық бауырсақ сатылады. Асханадан ағайынды Гүлнұр мен Маржан Жұмбаеваға ыстық дәм дайындап келушілерге ұсынады. Әсіресе таза, дәмді етіп қуырылған балықтар тіл үйіреді.

Әңгімелесу барысында апалы-сіңілілі қыздар бұл жерде 2017 жылдан бері жұмыс жасап келеді екен. Көп тұрғындардан осы асхана жайлы жақсы пікірлер еститінмін. Арнайы барып көріп, шынында да тап-таза, пісірген дәмдері дәмді екенін байқадым.

Шөлдеп келген кісілерге шайлары мен түрлі компоттары дайын. Ас ішетін бөлмелері сап-салқын. Маусымның шілдігі ыстығында көп адамдар келіп, ас ішіп, салқын сусын ішіп, көңілдері жадырап қайтады екен.

Гүлнұр мен Маржан келушілерге өте сыпайы қызмет көрсетіп жүр. Ыдыстары да судай жаңа. Келушілерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Екі қыз ешқандай кредит алмастан өз еңбектерімен табыс табады екен. Әрине, бөлмелердің жарығын, судың ақысын өздері төлейді. Бұны толық етуге тапқан қаржымыз жетеді дейді олар.

«Біздің басты мақсатымыз-келген қонақтарға ізетті, сыпайы қызмет көрсету. Келушілердің көңіл кілтін табуға ерекше мән береміз. Балық өнімдеріне сұраныс көп. Мұны өзіміз



арнайы тапсырыспен алдырамыз. Тамақ ішетін жердің үнемі таза болғаны дұрыс. Келген кісілер таза-лыққа көп қарайды. Сосын таза, салқын етіп бөлмелерді жинап қоямыз. Осы алты жылдан бері келушілерге үнемі сапалы қызмет көрсетуді басты мақсат етіп келеміз.

Шағын кәсібіміз арқылы отбасын асырап отырған жайымыз бар. Көп қыз-жігіттер жұмыс жоқ дегенді жиі айтады. Олай айтқандары дұрыс емес. Жұмыс жасаймын деген адамға еңбек табылды. Тек саған ынта мен қызығушылық керек.

«Алма піс-аузыма түс» деген заман жоқ. Әрекет еткенде ғана берет боларды. Шағын кәсібіміз бен күн керісімізді жасап отырамыз.

Адам болған соң олар неше түрлі мінезде болады. Лажы болса барлығын түсінуге тырысамыз.

Басты мақсат ретінде келушілерге жақсы қызмет етуді бірінші кезекке қоямыз.

Бұл күндері біздердің тиянақты келушілеріміз бар. Уақыт тауып олар келіп тұрады. Барлығының көңілін табуға тырысамыз,-деді қыздар.

Иә, аудан тұрғындарына сапалы қызмет көрсетіп, еңбек етіп жүрген қос қызға еңбектерінің жемісін көре беріңдер дейміз.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Газеттің келесі демалыс күндеріне байланысты 1 шілде күні шығады

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан Бақытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады

Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс № таралымы - 3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.